

Мемлекет басшысының "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясы "Жас Отан" жастар қанаты ІІ съезінің қорытындылары бойынша берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 21-ө
Өкімі

Мемлекет басшысының «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанаты ІІ съезінің қорытындылары бойынша берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанаты ІІ съезінің қорытындылары бойынша берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ өзге де ұйымдар Іс-шаралар жоспарының уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаевқа жүктелсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 1

а қ п а н д а ғ ы

№ 2 1 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Мемлекет басшысының «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанаты ІІ съезінің қорытындылары бойынша берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Үкіметке НҚА мен ақпаратты ұсыну мерзімі
1	Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын әзірлеу кезінде «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» Жастар қанатының 2020 жылға дейінгі «Жастар - Отанға!» даму	2020 жылға дейінгі «Жастар - Отанға!» даму стратегиясының негізгі ережелері ескерілген	БҒМ (жинақтау), МАМ, ЭБЖМ, Қаржымині, Астана және Алматы қалаларының,	

	стратегиясының негізгі ережелерін ескеру	Тұжырымдама жобасы	облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
2.	Жастар және студенттік жатақханалар салу бағдарламаларын кеңейту жөніндегі шаралар қабылдау	ҚР Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), Еңбекмині, ЭБЖМ, Қаржымині, ӨДМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
3.	Жетекші республикалық жастар ұйымдары өкілдерінің орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік-кеңесші кеңестер құрамына қатысуын қамтамасыз ету	ҚР Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), ОЖМО, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
4.	Жастар бастамашылдығы қорын құру мәселелерін пысықтау және тиісті ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ұсыныстар	БҒМ (жинақтау), МАМ, ЭБЖМ, Еңбекмині, Қаржымині, ИЖТМ, АШМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
5.	Астана қаласында Жастар сарайын салу жөніндегі ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), БҒМ, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
6.	Жастарды ақпараттандыру, жастардың жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру бағдарламаларына тіркелуі мен қатысуы рәсімдерін жүйелендіру мен оңайлату үшін «Жастардың еңбек биржасы» бірыңғай веб-порталын құру	ҚР Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині (жинақтау), БҒМ, ККМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
7.	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде барлық орталық және жергілікті атқарушы органдардың жетекші республикалық жастар ұйымдарымен тиімді практикалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету	ҚР Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), ОЖМО, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша), РЖҰ (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 ақпанға дейін
8.	Жастармен атаулы жұмысты жолға қою және оны тұрғылықты жері, оқу мен жұмыс орны бойынша жер-жерде қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау	ҚР Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), Еңбекмині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 наурызға дейін
9.	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ еңбек ұжымдарында Жастармен жұмыс жөніндегі кеңестерді құру бойынша шаралар қабылдау	ҚР Үкіметіне ақпарат	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 наурызға дейін
	Жалпы білім беретін мектептер түлектерінің техникалық және кәсіптік білім алуға кепілді қатысуын және		Еңбекмині (жинақтау), БҒМ, Астана және Алматы	

10.	кейіннен олардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мақсатында Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасына толықтырулар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 сәуірге дейін
11.	Ағымдағы және ұзақ мерзімді негізде жастардың еңбек нарығын мониторингілеу мен талдауды қамтамасыз ету	ҚР Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині (жинақтау), БҒМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 сәуірге дейін
12.	Индустрияландыру, бизнестің жол картасы мен жұмыспен қамту мемлекеттік бағдарламаларына қатысатын кәсіпорындарда жастарды оқыту мен жұмысқа орналастыру бойынша квота көздеу	ҚР Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), ИЖТМ, ЭБЖМ, Еңбекмині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» одағы» ҰЭП (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының федерациясы (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 сәуірге дейін
13.	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына жаңадан бастаушы жас кәсіпкерлерді қолдаудың кредиттік және консалтингтік құралдарын жер-жерде кеңейтуге бағытталған өзгерістер енгізу	ҚР Үкіметі қаулысының жобасы	ӨДМ (жинақтау), Қаржымині, ИЖТМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 сәуірге дейін
14.	«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын сапалы пысықтауды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жедел енгізуді қамтамасыз ету	ҚР Заң жобасы	БҒМ (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ, Әділетмині, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша)	2013 жылғы 15 сәуірге дейін
15.	2013 жылдың бірінші жартыжылдығында колледждер мен жоғары оқу орындар түлектерін оқыту мен одан әрі жұмысқа орналастыру үшін мамандықтарды белгілеу жөніндегі тетіктерді әзірлеу	ҚР Үкіметіне ақпарат	БҒМ (жинақтау), Еңбекмині, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» одағы» ҰЭП (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының федерациясы (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 мамырға дейін
16.	2013 жылдың бірінші жартыжылдығында жастарды әлеуметтік жұмыс орындарымен қамтамасыз ету жөніндегі жастар практикасы мен бағдарламаларын кеңейту бойынша шаралар қабылдау	ҚР Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині (жинақтау), БҒМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» одағы» ҰЭП (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының федерациясы (келісім бойынша)	2013 жылғы 1 мамырға дейін
17.	2014 жылдың соңына дейін барлық орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық		БҒМ (жинақтау), ОЖМО	

жоспарларына жастармен жұмыс жөніндегі индикаторларды енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	2014 жылғы қыркүйекке дейін
--	----------------------	-----------------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

МММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

«Нұр Отан» ХДП – «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

«Атамекен» ҰЭП одағы – «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы

ОЖМО – Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдары

РЖҰ – Республикалық жастар ұйымдары